MonteNegro | News portal

Latest news and articles

Апталық шығарылым · 05.10.2026 — 06.10.2026 · №5

Сайттан оқыңыз

Жаңалықтар

Digital Qazaqstan: цифрлық технологияларды қолданудың арқасында аукциондардан түсетін кіріс 7 есе артты

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясын іске асыру аясында геология, өнеркәсіп және құрылыс салаларын цифрлық тұрғыда трансформациялау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Аталған бағыттар бойынша 2028 жылға дейін қол жеткізілуге тиіс көрсеткіштер айқындалды, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі. Геологиялық барлау жұмыстарына тартылатын жеке инвестиция көлемін 30%-ға арттыру көзделіп отыр. Өнеркәсіп саласында еңбек өнімділігінің жыл сайын 7%-ға өсуін қамтамасыз ету, роботтандыру ісін дамыту, кемінде 5 отандық интегратор және 3 құзырет орталы...

Осы санда

Жаңалықтар 24
Құжаттар 12
Оқиғалар 12

Жаңалықтар

Асхат Шахаров: «Әкімнің басты міндеті – халықтың мәселесін тыңдап қана қоймай, оның шешімін табу»

06.10.2026

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров ауыл әкімдері мен мемлекеттік қызметке алғаш тағайындалған басшыларға мотивациялық дәріс оқыды. Дәстүрлі кездесуге Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалының біліктілікті арттыру курстарында оқып жатқан аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік басшы лауазымдарына алғаш тағайындалған басшылар және жергілікті атқарушы органдарының басшылары қатысты. «Тиімді көшбасшылық және халыққа қызмет ету: қазіргі басшының жауапкершілігі» тақырыбындағы кездесуде өңір басшысы мемлекеттік қызметтегі басшының рөлі, халықпен жұмы...

Жаңалықтар

Қызметті тоқтату туралы өтінішке бас тарту

06.10.2026

 Қызметті тоқтату туралы өтінішке бас тарту келген жағдайда не істеу керек? Егер қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішке «Қабылданбады» мәртебесі берілсе, бас тарту себебін КНП ИСНА-дағы «Құжаттар» бөлімінен көруге болады. Бас тарту себебін анықтап, көрсетілген себептерді жою қажет. Бас тартуға негіз болған себептер жойылғаннан кейін салық төлеуші қызметті тоқтату туралы өтінішті жалпы тәртіппен қайта беруге құқылы.

Жыл соңына дейін Қазақстанда eGov GPT арқылы 150-ге дейін қызметті іске қосу жоспарланып отыр

06.10.2026

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен Digital Qazaqstan стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде QazTech платформасы мемлекеттік қызметтердің цифрлық экожүйесінің негізіне айналды. Цифрлық жүйелерді көшіру бойынша биылғы жоспар 92%-ға орындалды, деп хабарлайды ҚР Үкіметінің телеграм арнасы. «Әлеуметтік әмиян» проактивті әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз етіп, 3 млн пайдаланушыны қамтиды. e-Otinish-тегі жасанды интеллект көмегімен 3,2 млн-нан астам өтініш өңделді. eGov GPT арқылы 51 қызмет қолжетімді. Жыл соңына дейін жалпы трафиктің 80%-ын құрайтын ең сұранысқа ие 150 қызмет қамтылады. 2028 жылға қарай жасанды интеллект негізіндегі қызметтердің үлесін 40%-ға жеткізу, ал 2029 жылға қ...

2026 жылдың қазан айына арналған салық күнтізбесі

06.10.2026

Құрметті салық төлеушілер!Салық есептілігін тапсыру мерзімінің жақындағанын еске саламыз. Салық міндеттемелерін уақытылы орындап, қажетті құжаттарды алдын ала дайындап, тапсыруды сұраймыз. Маңызды күндер мен мерзімдер жоғарыдағы карусельде көрсетілген

2026 жылғы 6 қазанда аудандық Мәдениет үйінде мереке — Ұстаздар күніне арналған салтанатты іс-шара өтті

06.10.2026

Бұл мерекелік күні еңбегін тек сандар мен нәтижелермен өлшеу мүмкін емес жандар — күн сайын балаларға білім әлемінің есігін ашып, олардың қабілеттерін дамытуға ықпал етіп, еліміздің болашағын қалыптастырып жүрген ұстаздар қауымы ұлықталды. Салтанатты іс-шараға Солтүстік Қазақстан облысының Әдістемелік орталығының директоры Сәркен Р.С., Габит Мүсірепов атындағы ауданның әкімі Анбаев Р.А., аудан әкімінің орынбасары Сапанов Б.А. қатысты. Мерекелік шараның ерекше бөлігі — педагогтерді салтанатты мерекесімен құттықтап, түрде марапаттау рәсімі жас ұрпаққа білім болды. Жоғары кәсіби шеберлігі, білім беру жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі, өз ісіне деген адалдығы және педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін ұстаздарға Құрмет грамотал...

МЕРКІЛІК ҰСТАЗДАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

06.10.2026

Меркі ауданында Ұстаздар күніне арналған «Ұстаз – ұлт келбеті» атты салтанатты іс-шара өтті. Мерекелік кешке аудан әкімі Ербол Жиенқұлов, білім саласының қызметкерлері, ардагер ұстаздар мен шақырылған қонақтар қатысты. Аудан әкімі ұстаздар қауымын кәсіби мен тәрбие берудегі еңбектері үшін алғыс білдірді. Ұстаздың шәкірт бойындағы қабілетті танып, оның өзіне деген сенімін қалыптастырудағы орнына тоқталып, аудан педагогтеріне жылы лебізін арнады. Салтанатты жиында білім саласында ұзақ жылдар абыройлы еңбек еткен ардагерлер мен кәсіби жетістіктерімен ерекшеленген ұстаздар марапатталды. Оларға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің төсбелгілері...

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ӨТКЕН ЖАРЫСТА ПОЛИЦИЯ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТТІ

06.10.2026

Заң мен тәртіп" қағидатын іске асыру аясында Түркістан облысының Сайрам ауданында "Сайрам марафон — 2026" жүгіру жарысы өтті. Биыл екінші рет ұйымдастырылған спорттық шараға 300-ден астам адам қатысты. Қатысушылар жеті шақырымдық қашықтықты Жібек жолы және Манкент ауылдық округтері шекарасынан бастап, Ақсу ауылындағы "Мәртөбе" алаңында аяқтады. Жарыс кезінде полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті сақтап, қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күшейтілген режимде қызмет атқарды. Тәртіп сақшылары жүгіру бағыты бойында жол қозғалысын реттеп, автокөліктердің қатысушыларға кедергі келтірмеуін бақылауда ұстады. Сонымен қатар полиция басқармасының бастығы Еркеғали Мейрбеков бастаған поли...

АУДАН ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕРІ БАСТАЛДЫ

06.10.2026

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, аудан әкімі Ербол Жиенқұловтың 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жоспарланған халықпен тұрақты кездесулері басталды. Алғашқы кездесулер Меркі және Жамбыл ауылдық округтерінің тұрғындарымен өтті. Аудан әкімі ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Есепті кезеңде ауыл шаруашылығы, инвестиция және сауда салаларында оң өсім қалыптасқан. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 22,8 млрд теңгеге жетіп, нақты көлемі 4,4 пайызға артқан. Негізгі капиталға 24,9 млрд теңге инвестиция салынып, өсім 4,3 пайызды құраған. Бөлшек сауда айналымы 16,4 млрд теңгеге жетіп, 5,2 пайызға өскен. Кездесулер барысында Ербол Жиен...

Ақтөбе облысында отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу күшейтілді

06.10.2026

Ақтөбе облысында полиция отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуды күшейтіп жатыр. Ақтөбе облысында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жанжалдарға жол бермеу және қиын жағдайға тап болған азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жыл басынан бері полицияға отбасылық-тұрмыстық жанжалдарға қатысты 4 700-ден астам өтініш келіп түскен. Оның ішінде 187 жағдайда әйелдер полициядан бірнеше рет көмек сұраған. Әрбір өтініш бойынша тиісті тексеру жүргізіліп, қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаралар қабылдануда. Отбасылық жанжалға және құқыққа қайшы әрекеттерге бейім азаматтарға профилактикалық жұмысқа ерекше көңіл бөлінеді. Жыл басынан б...

31 құқық бұзушылық және 1 миллион теңгеден астам айыппұл: Армения азаматы СҚО-дан шығарылды

06.10.2026

Солтүстік Қазақстан облысында Армения азаматы 1 миллион теңгеден астам айыппұл төледі. Бұған оның бірнеше рет құқық бұзуы себеп болған: ер адам белгіленген жылдамдықты бірнеше мәрте асырған, сондай-ақ көлік құралын басқару құқығынан айырылғанына қарамастан көлік жүргізген. Ағымдағы жылдың мамыр айынан қыркүйек айына дейін ол СҚО аумағында барлығы 31 әкімшілік құқық бұзушылық жасаған. Олардың қатарында қоғамдық орында былапыт сөйлеу және түнгі уақытта тыныштықты бұзу да бар. Қазақстан заңнамасын қасақана бірнеше рет бұзған шетел азаматы Қазақстан Республикасынан 5 жыл мерзімге шығарылды. Жыл басынан бері СҚО-дан 62 шетел азаматы ел аумағынан шығарылды. Оның үшеуі 5-9 қазан аралы...

Ақтөбе тұрғындары қауіпсіздік мәселелерін шешуге белсенді атсалысуда

06.10.2026

5 қазанда басталған "Қауіпсіз үй" республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында ақтөбеліктердің қауіпсіздік мәселесіне бейжай қарамай, белсенділік танытып отырғаны айқын байқалады, — деп хабарлайды Polisia.kz. Шара барысында полиция азаматтардың ұсыныстары мен өтініштеріне ерекше назар аударып отыр. Азаматтарға қолайлы болу үшін азаматтарға көрнекті жерлерге, үйлердің кіреберістері мен аулаларға QR-кодтар орналастырылды. Ол арқылы әрбір тұрғын проблемалық орындар туралы ақпарат беріп, өз ұсыныстарын жолдай алады. Шараның алғашқы күнінде QR-кодтар арқылы облыс тұрғындарынан полицияға 20-ға жуық ұсыныс түсті. Тұрғындарды негізінен, аулаларды жарықтандыру мен бейнекамералар қою, жол таң...

"Қауіпсіздік коды: 102-111-150" акциясы: полиция Түркістан облысының тұрғындарын ақпараттандырды.

06.10.2026

Түркістан облысында әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған "Қауіпсіздік коды: 102-111-150" акциясы өтті. Акцияға 800-ге жуық полиция қызметкері жұмылдырылып, профилактикалық есепте тұрған 302 тұлғаның тұрғылықты мекенжайы бойынша тексеру жүргізілді. Нәтижесінде 31 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 27 тұлға профилактикалық есепке қойылды. Оның ішінде 21 адамға қорғау нұсқамасы шығарылып, 3 тұлғаға ерекше талап белгіленді. Сонымен қатар полиция қызметкерлері үй аралау барысында қиын өмірлік жағдайға тап болған 16 отбасын анықтады. Оларға психологиялық, құқықтық, материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсетілуі ұйымдастырылды. Мәселен, Со...

Асқарбек Ертаев JOLTAP жобасын өңірлерге кеңейту тәжірибесін зерделеді

06.10.2026

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев Астана қаласындағы JOLTAP әлеуметтік жобасының жұмысымен танысып, қысқа мерзімді оқытудың ұйымдастырылуын, сұранысқа ие даярлау бағыттарын және түлектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу тетіктерін зерделеді. Жоба тәжірибесі оны еліміздің басқа өңірлеріне масштабтау ықтималдығына ұсыныстар әзірлеу аясында қарастырылуда. Сапар барысында министрге сыныптар мен шеберханалар көрсетіліп, жұмыскерн және цифрлық бағыттар бойынша практикалық сабақтардың қалай өтетіні таныстырылды. Асқарбек Ертаев жоба қатысушыларымен және түлектермен әңгімелесіп, оқытудың басты нәтижесі адамға алған дағдыларын іс жүзінде қолдануға, жұмысқа орналасуға немес...

Шағын құрылғы — маңызды ескерту

06.10.2026

Елестетіп көріңіз: үйдің іші жылы, пеш жағылып тұр, отбасы өз шаруаларымен айналысып жатыр. Ешқандай ерекше жағдай байқалмайды — түтін жоқ, иіс жоқ, бөлмедегі ауаның қауіпті болуы мүмкін екенін білдіретін еш белгі жоқ. Улы газдың қауіптілігі де осында. Оны көру де, сезу де мүмкін емес. Ол пеш немесе мұржа ақаулы болған кезде, сондай-ақ жылыту құрылғыларын пайдалану ережелері бұзылған жағдайда пайда болуы мүмкін. Бұл мәселеге көмір, отын және басқа да қатты отын түрлерімен жылытылатын пештері бар жеке үйлердің тұрғындары ерекше назар аударуы қажет. Қарапайым шешім — үйге улы газ датчигін орнату. Қауіпті концентрация анықталған жағдайда, құрылғы қатты дыбыстық сигнал беріп, қауіп туралы ескерт...

Алматы облысында жылыту маусымы қарсаңында өрттің алдын алу жұмыстары күшейтілді

06.10.2026

Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті 2026 – 2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында тұрғын үй секторындағы өрттің және иіс газынан уланудың алдын алу жұмыстарын жүргізуде. Негізгі мақсаты өрт қауіпсіздігі талаптарын тұрғындарға түсіндіруге және әлеуметтік осал топтарға жататын отбасылардың үйлерін қамтуға аударылған. Жыл басынан бері облыста 627 өрт тіркелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өрт саны 12,8%-ға азайды. Өрт салдарынан қаза тапқандар саны 13-тен 8 адамға дейін төмендеді, яғни 38,5%-ға қысқарды. Қызметкерлер қазір елді мекендердегі тұрғын үйлерді күн сайын аралап, тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіріп жатыр. Бүгінге дейін мыңнан астам үй...

«Қауіпсіз үй»: СҚО-да полиция тұрғын үй секторындағы профилактикалық жұмысты күшейтті

06.10.2026

Солтүстік Қазақстан облысында полицейлер бір күнде профилактикалық есепте тұрған 725 адамды тексерді. Өңірде «Қауіпсіз үй» жедел-профилактикалық іс-шарасы басталды. Оның мақсаты – тұрғындардың тұрғылықты жеріндегі қауіпсіздікті арттыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында полиция мен халық арасындағы өзара байланысты нығайту. Бірінші күні учаскелік полиция инспекторлары басқа мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдерімен бірлесіп, шамамен 1 мың пәтер мен жеке үйді аралап шықты. Облыс аумағында жалға берілетін пәтерлер, саяжай учаскелері, шаруа қожалықтары, қыстаулар мен қараусыз қалған құрылыстар да тексерілді. Тәртіп сақшылары бірнеше рет шақырту түскен, соны...

Жылу беру маусымында Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыстар жүргізілуде.

06.10.2026

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көміртек тотығымен улану жағдайларының алдын алу мақсатында датчиктер орнатылуда. Аталған жұмыстар аясында әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың тұрғын үйлеріне орнату үшін көміртек тотығын анықтайтын датчиктер сатып алынды. Қазіргі таңда датчиктерді тұрғын үйлерге орнату жұмыстары жүргізілуде. Көміртек тотығы түссіз әрі иіссіз болғандықтан, оны адамның сезім мүшелері арқылы дер кезінде анықтау мүмкін емес. Осы ретте арнайы датчиктер тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қауіпті деңгейдегі көміртек тотығы анықталған жағдайда құрылғы дыбыстық белгі беріп, тұрғындарға қауіп туралы дер кезінде ескертуге мүмкіндік береді...

Заманауи технологиялар өрттің алдын алуға көмектеседі

06.10.2026

Шымкент қаласында қоқыс жаққан азамат анықталды 2026 жылғы 30 қыркүйекте сағат 12:17 шамасында Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қаһарман көшесінде орналасқан үйдің ауласында қоқыс қалдықтарының жануы дрон арқылы анықталды. Анықталған ақпарат негізінде оқиға орнына 1 техника және 5 жеке құрам жіберілді. Аумақта шамамен 2 текше метр қоқыс қалдықтарының жанып түтегені анықталған. Тексеру барысында, 1985 жылы туылған ер адамның қоқыс жаққандығы анықталды. Азаматтың кінәсін мойындауына байланысты ҚР ӘҚБтК-нің 336-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, 10 АЕК (43 250 теңге) мөлшерінде айыппұл салынды. Аталған азаматқа және көршілеріне қоқыс жағу дегеніміз өрттің тұрғын үйлерге таралуына, адам ө...

«Digital Qazaqstan»: Жетісуда облыс орталығының тіршілігін басқару орталығын құру жоспарлануда

06.10.2026

Жетісу облысында «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясы аясында Талдықорған қаласының инфрақұрылымын қадағалауды орталықтандыру және қалалық қызметтердің жұмысын үйлестіру үшін Қаланың тыныс-тіршілігін басқару орталығын құру жоспарланып отыр. Сондай-ақ жалпыұлттық стратегияға сәйкес мемлекеттік басқару, әлеуметтік саланы цифрлық трансформациялау және цифрлық инфрақұрылымды дамыту бағытында жобалар іске асырылуда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының мәліметіне қарағанда, мемлекеттік басқару саласында халықпен өзара іс-қимыл жасау және деректер негізінде шешім қабылдаудың цифрлық құралдары енгізілген. «Қызмет-109» бірыңғай...

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ТЖД ЖЕКЕ ҚҰРАМЫМЕН ТҮСІНДІРМЕ САБАҚТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ.

06.10.2026

Қызметтік тәртіп пен заңдылықты сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша семинар өткізілді. Іс-шараға Полиция департаментінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы мамандары қатысып, жеке құрамға заң талаптарын сақтау, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және қызметтік әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Семинар қорытындысы бойынша қызметкерлерге тиісті тапсырмалар берілді.

Қазақстанның Елдік климаттық инвестициялық платформасын құру жөніндегі жоба бойынша келісімге қол қойылды

06.10.2026

Қазақстан мен Жасыл климаттық қор (ЖКҚ) GCF Readiness III бағдарламасының жаңа кезеңінің шеңберінде Қазақстанның Елдік климаттық инвестициялық платформасын (QCIP — Qazaqstan Climate Investment Platform) құру жөніндегі жобаны іске асыру туралы келісімге қол қойды. Жобаның құны 1 млн АҚШ долларынан асады. Келісімге ЖКҚ-ның Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерімен өңірлік диалог аясында қол қойылды. Келісімге қол қою рәсіміне «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» (IGTIC) Басқармасының Төрағасы Сәкен Қалқаманов пен ЖКҚ-ның Шығыс Еуропа, Орталық Азия және Таяу Шығыс бойынша өңірлік директоры Томас Эрикссон қатысты. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Экология және...

Қазақстанда медициналық-әлеуметтік сараптамадан өту үшін электронды кезек енгізілуде

06.10.2026

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әлеуметтік саладағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және оларды азаматтарға ыңғайлы ету жұмыстарын жалғастырып жатыр. Осы мақсатта медициналық-әлеуметтік сараптамадан (МӘС) жүзбе-жүз өту үшін электронды кезек енгізілуде. Жаңа сервис азаматтарға қабылдауға алдын ала жазылып, өзіне ыңғайлы күн мен уақытты таңдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте кезекте ұзақ уақыт күтудің қажеті жоқ. Электронды кезек жобасы алдымен Ақмола облысында іске қосылды. Кейін бұл сервис Алматы қаласында да енгізілді. 2026 жылдың 1 қазандағы жағдай бойынша электронды кезекті Ақмола облысында 2 580 адам, ал Алматы қаласында 3 030 адам пайдаланған. Э...

АГҚС объектілерін демонтаждау жұмыстары жүргізілді.

06.10.2026

“Арал Газ” ЖШС-не тиесілі автогаз құю станцияларының объектілеріне жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, тексеру барысында жедел ықпал ету шараларының орындалуына бақылау жүзеге асырылды. Анықталған бұзушылықтарды жою және қауіпті өндірістік объектілердің қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында тиісті АГЗС объектілері демонтаждалды. Демонтаж жұмыстарының жүргізілуі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау, авариялық жағдайлардың алдын алу және азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау бағытындағы шаралардың бірі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау - бұл тек заңнамалық талап қана емес, сонымен қатар адам өмірінің қауіпсіздігінің кепілі.

Құжаттар

РТК борышкер РАКИШЕВА АРАЙЛЫМ МУРАТКАЗИНОВНА

06.10.2026

РТК борышкер КАЛИХАНОВА ЗАУРЕ КАНАТОВНА

06.10.2026

РТК борышкер КЕРЕШЕВ ЕРМЕК СЕРИКОВИЧ

06.10.2026

РТК борышкер МУТАЛХАНОВА АЙНАГУЛЬ ТУРЕХАНОВНА

06.10.2026

РТК борышкер БӨКЕН ЖАҚСЫЛЫҚ АКПАРҰЛЫ

06.10.2026

РТК борышкер ТОЩЕНКО ТАМАРА ВИТАЛЬЕВНА

06.10.2026

Сарысу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Жаңатас қаласы әкімінің сайлауы бойынша сайлау округтерінің тізімі мен шекаралары туралы хабарлайды

06.10.2026

Сарысу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ 2026 жылғы 8 қарашаға тағайындалған Сарысу ауданы Жаңатас қаласы әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес Сарысу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Жаңатас қаласы әкімінің сайлауы бойынша сайлау округтерінің тізімі мен шекаралары туралы хабарлайды: Жаңатас сайлау округі: (№363, 364,...

Сарысу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы туралы хабарлайды

06.10.2026

Сарысу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ (Жаңатас қаласы, 3 шағынаудан, №45 ғимарат, тел: 8 (72634) 6-20-25) 2026 жылғы 8 қарашаға тағайындалған Сарысу ауданы Жаңатас қаласы әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес Сарысу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы комиссияның құрамы туралы хабарлайды: Комиссия төрағасы Шортанбаев Д...

2026 жылдың 8 қарашасына Сарысу ауданы Жаңатас қаласы әкімінің сайлауы өтеді. Өз таңдауыңды жаса!

06.10.2026

2026 жылғы 04 қыркүйектегі үзілістен кейін кезекті сессиясының шешімі

06.10.2026

2026ж. 04.09. № 460 шешімі - қала әкімінің есебі

Конкурс (жүргізуші)

06.10.2026

ҚР ТЖМ Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті индекс 030010, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 81 «А», электрондық мекенжайы: ok_spasr_aktub@emer.kz; тел/факс 54-38-58 азаматтық қорғау органдарындағы төмендегідей бос орындарға конкурс жариялайды: Өрт сөндіру автокөліктерінің жүргізуші-қызметкері – 3 бірлік: Персоналдың санаты - С-SV-13, лауазымдық жалақысы еңбек сіңірген жылд...

Азаматтарды қабылдау кестесі 4 кв 2026 ж

06.10.2026

Оқиғалар

ХАБАРЛАНДЫРУ!

07.10.2026

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ! ЕГЕРДЕ СІЗГЕ: – Еңбек демалысыңыз кестеге сәйкес берілмесе; – Жалақыңыз (зейнетақы жарналарыңыз бен тиісті әлеуметтік төлемдеріңіз) уақытылы немесе толық төленбесе; – Негізсіз тәртіптік жаза қолданылса; – Мереке, демалыс күндері заңсыз жұмысқа тартылсаңыз; – Үстеме жұмыстарға қосымша...

2026 жылғы 07 қазанда сағат 11:00-де Узынкөл ауданы мәслихатының кезектен тыс сессиясы ZOOM режимінде өтеді

07.10.2026

2026 жылғы 07 қазанда сағат 11:00-де Узынкөл ауданы мәслихатының кезектен тыс сессиясы ZOOM режимінде өтеді, мекенжайы: Узынкөл ауылы, Г.Мүсрепов көшесі 14, 2-қабат, 210-кабинет. Сессияның күн тәртібінің негізгі мәселесі: «2025 жылғы 29 желтоқсандағы №207 аудандық маслихат шешіміне «2026 – 2028 жылд...

Хабарландыру!

07.10.2026

2026 жылғы 7 қазанда сағат 10:00-де Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында «Онлайн-жәрмеңке» форматында мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша тікелей эфир өткізіледі. Тікелей эфир барысында мынадай салалар бойынша ақпарат б...

Ұзынкөл ауданының тұрғындарымен кездесу

07.10.2026

Ағымдағы жылдың 7 қазанында Қостанай облысының әкімі Қ.І. Ақсақаловтың Ұзынкөл ауданының тұрғындарымен кездесуі өтеді. Өтетін орны: аудандық Мәдениет үйі, Ұзынкөл ауылы. Халықпен өтетін алдағы кездесуге дайындық аясында 8-706-627-31-91, 8-708-727-31-91 нөмірлері бойынша сұрақтар мен ұсыныстар WhatsA...

ONLINE ЖӘРМЕҢКЕ

07.10.2026

ONLINE ЖӘРМЕҢКЕ

07.10.2026

Аудандық мәслихат депутаттарының, кенттер және ауылдық округтерінің әкімдері, дербес бөлімдердің және басқа да ұйымдардың басшылары, сонымен қатар аудан тұрғындарының назарына

07.10.2026

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, 2026 жылғы 07 қазанда сағат 11.00-де сегізінші шақырылған Аршалы аудандық мәслихатының LX кезектен тыс сессиясы өтеді. Сессияның қарауына келесі мәселе енгізілед...

Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау

07.10.2026

Қонаев қаласы мәслихаты депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес 2026 жылғы 7 қазанда қалалық мәслихаттың депутаттық бөлмесінде (Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13, 309-каб.) сағат 15.00-ден 16.30-ға дейін қалалық мәслихаттың депутаты Бахыт Найманұлы Алтаев азаматтардың жеке сұрақтары бойы...

Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау

07.10.2026

Қонаев қаласы мәслихаты депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес 2026 жылғы 7 қазанда қалалық мәслихаттың депутаттық бөлмесінде (Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13, 309-каб.) сағат 10.00-нан 11.30-ға дейін қалалық мәслихаттың депутаты Алмагүл Төлеуханқызы Қамбарова азаматтардың жеке сұрақт...

2026 жылғы қазанда Қонаев қаласы мәслихаты депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесі

07.10.2026

Қонаев қаласы мәслихаты депутаттарының 2026 жылғы қазанда азаматтарды қабылдау кестесі. Кестеде өзгертулер орын алған жағдайда қосымша хабарландырамыз.

Азаматтарды жеке қабылдау (4 тоқсан)

07.10.2026

Солтүстік Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысы Таласбаева Гульнар Темирбулатовна білім беру ұйымдары мен білім беру саласы қызметінің мәселелері бойынша азаматтарды жеке қабылдау жүргізеді

Аудан тұрғындарының назарына!

07.10.2026

Аудан тұрғындарының назарына! Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен тұрақты кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Т.Рысқұлов ауданының әкімі Ернар Есіркепов 2026 жылдың 7 қазаны сағат 10.00-де Қайыңды ауылдық округі, Қайыңды ауылындағы ауылдық...